Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

# Маяк

Районная еженедельная
общественно-политическая газета

2023
жыл / год

9
маусым / июнь

№22 (64483)

Издается со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз / www.astrahan.gov.kz

**ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУЛЕР**

## ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРУДЕ

**Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының Жарлығына сәйкес, Астрахан ауданының әкімі Нұрлан Сейіловтың бекітілген кестеге сай Каменка ауылынан бастау алып, Первомай және Николаев ауылдық округтерінде жалғасын тапты.**

Тұрғындармен кездесуге аудан прокуроры, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары және бірқатар дербес бөлім мен мекеме-кәсіпорын басшылары қатысты.

Аудан әкімі Нұрлан Сейілұлы жиналғандарды ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, 2023 жылғы екінші кварталында атқарылған жұмыстар мен алға қойған мақсаттары жөнінде баяндап, оны слайд арқылы таныстырды. Кездесу Жарлықта көрсетілгендей, сұрақ-жауап форматында өтті.

Кездесу барысында Каменка елді мекенінің тұрғыны Марина Твердина су мәселесін көтерді. Тұрғындардың көтерген мәселесіне байланысты аудан әкімі жауап беріп, айтылған ұсыныстардың барлығын рет-ретімен шешу үшін жүйелі жұмыс жүргізілетіндігін тілге тиек етті.

Аудан басшысы мұнан соң Первомай ауылына ат басын бұрып, Первомай ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде тұрғындармен кездесті. Кездесуде жергілікті тұрғындар Сергей Гантимуров, Оксана Крыжевская және Руслана Снегурская ауыл көшелерін абаттандыру, медициналық пунктіне жөндеу жұмыстарын жүргізуін сұрады. Жиында ауыл халқының қойған сұрақтарына аудан әкімі Нұрлан Сейілұлы жауап беріп, көтерілген мәселелердің шешу жолдары мен орындалу мезгілін айтып, оның өз кезеңімен шешімін табатынын жеткізді.





Аудан басшысының сол күнгі сапары Николаев ауылдық округінде тәмамдалды. Тұрғындармен кездесу ауылдық мәдениет үйінде өтті. Аудан әкімі ауыл тұрғындарына алдағы жоспарлармен бөлісе отырып, ауыл тынысымен танысты. Осылайша, тұрғындарды мазалаған және өзекті мәселелер талқыланды. Аудан басшысы олардың барлығы өз шешімін табатынына сендірді.

Ауданымыз ауыл шаруашылығымен айналысып келе жатқан келешегі зор аудан. Көтерілген мәселелердің барлығы да өзекті. Бірақ бәрі де ретімен шешіледі. Атқарушы органдар ел тұрғындарымен тығыз байланыс жасап, түсін-дірме жұмыстарын жүргізуі тиіс. Қолда бар мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, ел ертеңіне аянбай қызмет етуіміз қажет.

**Арман ЖАПАРОВ.**

## СӘТ САПАР, ЖАС ТҮЛЕК!

**Биылғы оқу жылының соңғы күні, соңғы қоңырауы 1 маусымға түсті. Осы орайда Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде «Сыңғырла, соңғы қоңырау» тақырыбында салтанатты кеш өткізілді. Оған ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ғалия Оспанова, мектеп оқушылары мен ата-аналар қатысты.**

Салтанатты кеште Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы кіргізіліп,



Гимн шырқалды. Бұдан кейін мектеп директоры Серік Сатемиров табысты жылды қорытындылап, биылғы оқу жылындағы жетістікті тізбектеп айтып берді. Жалпы мектеп педагоггтары мен оқушылары жыл көлемінде үлкен белесті бағындыру жолында көп еңбек етті. Облыстық, аудандық деңгейдегі жарыстардың бас-қасынан табылып, абырой биігінен көрінді. Жыл бойына белсенділік танытқан оқушылар мен ұстаздар марапатталды. Және оқу жылы бойынша үздіктердің жетістіктерін атап, оқу озаттарына мақтау қағазын табысталды.

Өз кезегінде ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ғалия Оспанова сөз алып, көпшілікті мерекемен құттықтай отыра, жылы лебіздерін білдірді. Сондай-ақ, мектептің бірінші және тоғызыншы сынып бітірушілеріне құрмет көрсетіп, өзінің естелік сый-сяпаттарын табыстады. Түлектердің осы күні сынып жетекшісі Дәнекер Холғанат түлектерге ақ жол тіледі. Ата-аналар ұстаздарға ақ жарма тілектерін арнап, шәкірттер ұстаздарына алғыс білдірді. Жылдың қорытындысы сапалатын соңғы қоңырау кеші түлектердің қоштасу вальсімен аяқталды.

Бұл күн – мектеп тарихында, бітіруші түлектердің есінде мәңгі өшпейтін күн. Өнері мен білімін өз бойларына өре білген еліміздің ертеңгі тізгінін қолға алар азаматтардың үлкен жолға қадам басар шағы. Болашаққа қанат қағатын бұл сәт – әрбір оқушы үшін ең бір қымбат, ең бір қимас күндер ретінде естеріңде мәңгілік қалары сөзсіз.

Мектептегі соңғы қоңырау 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күнімен жалғасып, жеке кәсіпкер «Жанар», «Айнұр» дүкені және аудандық мәслихат депутаты С.Сатемиров қаржылай демеушілік көрсетіп, мереке балалардың уақытын қызықты әрі тәтті өткізумен жалғасын тапты.

**Өз тілшіміз.**

## ЗВОНКИЙ, ШКОЛЬНЫЙ, ПОСЛЕДНИЙ ЗВОНОК!

**Вот и наступил тот волнительный, последний, школьный день для выпускников одиннадцатых классов всей нашей большой и необъятной страны. 1 июня в с.Астраханка, в школе №2 для выпускников прозвучал последний школьный звонок.**

Незаметно пролетели школьные годы. Здесь, в родной школе ребята не только получали свои знания, но и учились быть уверенными, целеустремленными, добрыми, отзывчивыми. Всегда добиваться поставленных целей и не останавливаться на достигнутом.



В этот день школа встречает своих повзрослевших учеников. Школьную линейку, посвященную последнему школьному звонку, объявляют открытой. Торжественно выносится флаг республики Казахстан, звучит гимн. С приветственным словом выступает директор школы Бахтияр Болатович Магзумов. Завершение учебного года — время подведения итогов. Слово для поздравления и вручения грамот лучшим ученикам предоставляется руководителю районного отдела образования П.Ю. Бараховой. С напутственными словами и самыми наилучшими пожеланиями своим выпускникам выступила педагог начальных классов О.Г. Груднина. Первоклассники поздравили выпускников стихами и также обещали быть надежной и достойной сменой их в стенах родной школы.

Сегодняшний день это очень радостный, но и в тоже время грустный праздник прощания со школой. От учеников звучат слова благодарности в адрес учителей. Особенно искренне и волнующе звучат прощальные слова от выпускников. В этом вся суть этого светлого школьного праздника. Звучит прощальный школьный вальс. Завершается торжество красочным обрядом — в небо отпускаются разноцветные воздушные шары как знак радости от завершения учебы и ощущения свободы на каникулах. Учителя с трепетом и волнением отпускают своих учеников во взрослую жизнь. Родители говорят своим детям самые добрые пожелания и наставления. Мы в свою очередь присоединяемся ко всем пожеланиям и желаем удачи в сдаче ЕНТ и дальнейшем поступлении в Вузы нашей страны.

В добрый путь наши дорогие выпускники!

**Ирина ГОРБАТЕНКО.**
**Фото автора.**

ДЕТСТВО - ЭТО МИР УВЛЕЧЕНИЙ

## НАШЕ СЧАСТЛИВОЕ ДЕТСТВО

**1 июня в Астраханской школе №2 прошло мероприятие посвященное Дню защиты детей.**

Здесь ребятам предложили совершить сказочное путешествие на паровозике «Детство». На пути их встречали станции «Рисовалкино» - учащиеся первых классов провели конкурс рисунков на асфальте. На станции «Спортивная»- 5-6 классы играли в футбол, проводили эстафеты соревнования. Станция «Веселая» встретила ребят 2 классов пижамной вечеринкой. На станции «Познавательная» - ребята третьих классов собирали солнышко из вырезанных из бумаги детских ладошек. На станции « Пиратская» - учащиеся 7 классов весело и задорно провели квест-игру. Ребята по загадочной, старой карте искали клад. Станция «Путешественников» - пригласила ребят 8 классов на пикник и прогулку по парку. Станция «Веселые старты» - между учащимися 4 классов были проведены спортивные конкурсы.

По окончанию всего мероприятия все ребята были награждены сладкими призами, которые заботливо для них приготовил попечительский совет. Праздник принес детям массу приятных впечатлений и эмоций.

**Ирина МИРНАЯ.**





## ТАҒЫ БІР ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

ЖАҚСЫ ІСТЕР ТІЗБЕГІ

**Жалғызбасты анаға қолдау көрсеткен «Asar Ume» қайырымдылық қоры тағы бір отбасын қуанышқа бөледі. Ауданымыздың тұрғыны Айболсын Амрабаеваға баспана тарту етті.**

Айболсын Амрабаева - 4 баланың анасы. Asar Ume» қайырымдылық қоры көпбалалы отбасыға қолдау көрсетіп, тұрмыстық техника, қажетті заттар сыйлады.

«Asar ume» қайырымдылық қорының өкілдері ауданымызға алғаш рет келіп отырған жоқ. Былтыр және жыл басында тұрғын үй алуға 2 отбасыға қаржылай көмек көрсеткен. Одан бөлек тұрмыстық техникамен сыйлықтар табыстады.

«Мұқтаждарға пана беріп, жас балаларға қиыншылықта жүрген отбасыларға мотивация беріп, жоспар бойынша отбасыны баспаналы қылу. Одан басқа жұмыспен, жұмыс табуға да көмектеседі.

«Жақсылық жасаудан жарысайық» деген ұранмен қор өкілері өзге аудандар мен қалалардағы кәсіпкерлер мен ауқатты жандарды игі іске атсалысуға шақырады. Осылайша бір жердің қайырымды азаматтары басқа жердегі мұқтаждарға жәрдемдеседі.

Қор президенті Асхат Нұрмашев айтып өткендей, қоғамдық бірлестіктің негізгі мақсаты – әлеуметтік жағдайының мүшкілдігіне қарамастан талпынып жұмыс істеп жүрген, өз қиындықтары үшін айналасындағы адамдарды кінәламайтын, «жұмыс жоқ» деп, қарекетсіз бос жата бермейтін әлеуметтік осал отбасыларды тауып, мүмкінгінше қолдап жіберу.



біліммен, кәсіппен көмектесу»,-дейді «Asar Ume» қайырымдылық қоры өкілі Наурызбай.

Еліміздің әр өңірінде қордың еріктілері бар. Олар мұқтаж отбасыларды іздеп тауып, көмек көрсету үшін талаптарға сәйкестігін тексереді. Егер мүгедектігі бар, көпбалалы отбасы болса еріктілер Халыққа қызмет көрсету орталығынан олардың мүлкі жоқтығы туралы құжат алады. Кейін қор өкілдері шынымен баспанаға зәру отбасыларды таңдап алады. Тек баспана жағдайын ғана шешпей, білім алуға, кәсібін бастауға,

«Asar Ume» қоғамдық қорының істеп жатқан қайырымдылық шараларының себепшісі – қарапайым халық екендігін атап өткен жөн. Өйткені қор қаражаты қауымдастықтағы жомарт жүректі кәсіпкерлер мен қарапайым халықтың қор есебіне садақа деп жіберген көмегінен құралады.

Қордың ел сүйсінер істері жалғасын тауып, ауданымызда жетімін жылатпайтын, мұқтаж жандарды демейтін жомарт жүректі азаматтар көбейе берсін демекпіз.

**Арман ЖАПАРОВ.**

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ И ГОСТИ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ!

***ЕСЛИ ВЫ ХОТИТЕ ОБРАТИТЬСЯ В ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫЕ ОРГАНЫ С ЗАЯВЛЕНИЕМ ОБ УГОЛОВНОМ ПРАВОНАРУШЕНИИ, ВАМ НЕОБХОДИМО ЗНАТЬ СЛЕДУЮЩЕЕ:***

Отказ правоохранительных органов в приеме обращений граждан неправомерен. За это сотрудник, может быть, подвергнут строгому дисциплинарному взысканию или даже быть уволен.

Правоохранительные органы обязаны в любое время (всегда) принимать и регистрировать заявления и сообщения от граждан.

При получении обращения от граждан сотрудник обязан предоставить талон-уведомление о приеме и регистрации поступившего заявления. В талоне-уведомлении указываются: данные сотрудника, принявшего заявление, регистрационный номер, наименование органа, адрес и служебный телефон, дата приема и подпись, инициалы и фамилия оперативного дежурного. При получении талона-уведомления нужно расписаться и поставить дату и время его получения.

Если по каким либо причинам оперативный дежурный не может Вам предоставить талон-уведомление, необходимо зарегистрировать в Книге учета информации. Запишите номер, чтобы быть уверенным, что Ваше обращение принято и зарегистрировано надлежащим образом.

Это может понадобиться для поиска и идентификации Вашей заявки в будущем. По заявлению орган должен в течение 24 часов принять соответствующее процессуальное решение, информация о котором придет на Ваш мобильный номер телефона посредством СМС-сообщения по линии 1414.

**ПЕРЕД ПОДАЧЕЙ ОБРАЩЕНИЯ ПРОВЕРЬТЕ:**

Обращение должно содержать всю необходимую информацию:
- Ваше Ф.И.О.;
- адрес телефона и номер сотового телефона;
- обстоятельства и причина обращения;
- размер полной или приблизительной суммы причиненного ущерба;
- сформулированная часть;
- подпишите заявление.

Если сотрудник органа все-таки отказал Вам в приеме обращения либо не согласны с принятым решением, то Вы можете обратиться в Управление Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по Акмолинской области (город Кокшетау, улица Академика Вернадского, строение 5/3, телефоны: 76-18-26-, 76-19-62).

**Управление Комитета по правовой статистике и специальным учётам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по Акмолинской области.**

# КОНКУРС

## «ҮЗДІК ЕҢБЕК ӘУЛЕТТЕРІ МЕН ӨНДІРІС ЖҰМЫСКЕРЛЕРІН» АЙҚЫНДАЙЫҚ

***2023 жылдың 1 шілдесіне дейін «Еңбек жолы» конкурсына, мына номинациялар бойынша, қатысу үшін өтінімдер қабылданады:***
- «Ең үздік еңбек династиясы»
- «Өндірістің ең үздік жас жұмысшысы»
- Жұмысшы жастардың ең үздік тәлімгері».

***Ең үздік еңбек династиясы.***

Еңбек династиясы – бір отбасының жақын туыстарының бір немесе одан да көп ұрпақтарынан тұратын (ерлі-зайыптының біреуі немесе екеуі де балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта осы кәсіпорында еңбек ететін және осы кәсіпорындағы жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Династия басшысы-еңбек династиясының еңбек жолын бәрінен бұрынырақ бастаған өкілі болып табылады.

Еңбек династиясы ауданның, ауылдың (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсене қатысуға, жастардың кәсіптік бағдар алуына ықпал етуге, өзінің мамандығын насихаттауға тиіс.

***Жұмысшы жастардың ең үздік тәлімгері.***

Бұл номинацияға жұмыс өтілі 20 жылдан кем емес ең жоғары тиімді тәлімгер сайланады.

***Өндірістің ең үздік жас жұмысшысы.***

Бұл номинацияға жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес ең белсенді және еңбексүйгіш жас жұмысшысы сайланады.

Конкурс жеңімпаздарына мына сомалардағы ақшалай сертификаттар тапсырылады:

1 орын - 1 000 000 (миллион) теңге
2 орын - 500 000 (бес жүз мың ) теңге
3 орын - 200 000(екі жүз мың ) теңге.

**Конкурстың өткізілуі, қатысуға өтінім беру мәселелері бойынша мына телефондарға қоңырау шалуға болады: 2-25-34 «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ. Конкурс өткізу шарты Астрахан ауданы әкімінің сайтында жарияланған.**

## ОПРЕДЕЛИМ «ЛУЧШУЮ ТРУДОВУЮ ДИНАСТИЮ И РАБОТНИКОВ ПРОИЗВОДСТВА»

***До 1 июля 2023 года ведется прием заявок на участие в конкурсе «Еңбек жолы» по номинациям:***
- «Лучшая трудовая династия»
- «Лучший молодой работник производства»
- «Лучший наставник работающей молодежи».

***Лучшая трудовая династия.***

Трудовая династия- группа работников одной организации, представляющая два и более поколения близких родственников одной семьи (один или оба супруга совместно с детьми или внуками), осуществляющая трудовую деятельность в настоящее время и имеющая суммарный стаж работы на данном предприятии не менее 20 лет. Главой династии признается представитель трудовой династии, ранее всех начавший трудовую деятельность.

Трудовая династия должна принимать активное участие в общественной жизни аула, района (города, области), содействовать профессиональной ориентации молодежи, пропагандировать свою профессию;

***Лучший наставник работающей молодежи.***

В данной номинации выбираются самый высокоэффективный наставник со стажем работы не менее 20 лет.

***Лучший молодой работник производства.***

В данной номинации выбирается самый активный и трудолюбивый работник производства со стажем работы не более 5 лет.

Победителям конкурса вручаются денежные сертификаты на суммы:

1 место - 1 000 000 (миллион) тенге
2 место - 500 000 (пятьсот тысяч) тенге
3 место - 200 000 (двести тысяч) тенге.

**По вопросам проведения конкурса, подачи заявок на участие, обращаться по телефону: 2-25-34 ГУ «Отдел занятости и социальных программ Астраханского района». Условия проведения конкурса опубликованы на сайте акима Астраханского района.**

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ АЯСЫНДА

# БҰЛ - БІЗДІҢ РӘМІЗДЕР

**Аудан орталығында мемлекеттік рәміздер күніне орай «Бұл - біздің рәміздер» атты салтанатты шара ұйымдастырылып, автошеру өтті. Аудан әкімдігі іс-шараның мақсаты - тұрғындарға мерекелік көңіл-күй сыйлау, Отанға, елдің мемлекеттік рәміздеріне деген патриотизм мен сүйіспеншілік сезімін арттыру екенін айтты.**

Іс-шараға Астрахан ауылдық округінің әкімі Қанат Кекенов қатысып, мерекемен құттықтады. «Біз үшін бұл ауқымы жағынан да, маңызы жағынан да ерекше мереке. Біздің Рәміздерге деген құрмет – азаматтардың өз елінің азаматы екендіктерін қаншалықты деңгейде түйсінуінің, ел болашағына деген сенім мен



сүйіспеншілік сезімдерінің өлшемі. Себебі, Ту, Елтаңба және Гимн өз мемлекеттілігін ғасырлар бойы аңсаған азат ұлттың орындалған арманының белгісі. Түптеп келгенде Отанның өзі нақ осы Ту-дан, Елтаңба және Гимннен бастау алады. Олар жүрегіне басып, маңдайына тигізіп қадірлеу арқылы егемен елдің еңсесі биік азаматтары қалыптасады. Сондықтан да, әрбір азаматтың жүрегіне елжандылықты дарытуда мемлекеттік рәміздердің маңызы зор, орны айрықша»,- деді Қанат Аркенов.

Автошеруде Қазақстанның мемлекеттік туы бар көліктер орталық алаңнан бас көше Әл-Фараби көшесі арқылы, Победа көшесімен қайта алаңға дейін жүріп өтті.

Бұл мерекенің жөні ерекше. Себебі, әрбір азаматтың жүрегінде Отанына деген сүйіспеншілікті, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуда мемлекеттік рәміздердің маңызы аса зор. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қол қойып бекіткен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы мемлекеттік рәміздерімізді пайдалану тәртібін нақты белгілеп, осыған байланысты мемлекеттік оргaндардың құзіретін айқындады, жауапкершілікті арттырды.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болу үшін біз өз елімізді, туған жерімізді бен Отанымызды ардақ тұтуымыз қажет. Оның ең алғашқы қадамы мемлекеттік рәміздерді құрметтеуден басталады. Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздеріміз болашаққа бастаған ұлы көшімізді демеп, игі істерімізді қолдай берсін.

Бірлігіміз жарасып, еліміздің жарқын болашаққа бастар жолында нық қадам жасап, ынтымағы жарасқан ел болайық. Әрдайым еліміз тыныш, халқымыз аман, рәміздіріміздің мәртебесі биік болсын.

**Өз тілшіміз.**



КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# НАН БАР ЖЕРДЕ ХАЛЫҚ ТА БАР

**Ауданымызға қарасты Колутон ауылдық округінде Ибрагим Құдайбергеновтың жетекшілігімен «Колутонский ХПП» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің нан-бөлке бөлімшесі халық үшін берері көп. Бүгінде аймақ тұрғындарын сапалы әрі дәмді нан өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр.**

«Ас атасы – нан» деп халқымыз бекер айтпаған. Береке мен бірліктің, денсаулық пен байлықтың бастауы осы қасиетті нанда жатыр. Атам қазақ сондай-ақ, нанды ерекше қастерлеген. Сондықтан да болар, бала күнімізден біздің санамызда киелі асқа деген құрмет жақсы сақталып қалған.





Осы ретте, алдына мақсат қойып, өзінің шағын кәсібін дөңгелетіп, отырған кәсіпкерлер хақында сөз етуді, өзгелерге үлгі ретінде насихаттауды жөн санадық. Бүгінгі заманның талабы да осы. «Кәсібіне қарай – нәсібі» демекші, бүгінде өз мүмкіндіктеріне қарай кәсіп ашып, ісін дөңгелентіп отырғандар саны күннен – күнге артып келеді. Солардың қатарындағы Колутон ауылдық округіндегі «Дока хлеб» күніне 200-ге жуық, демалыс күндеріне 330-дай нан пісіреді екен. Наубайхана нан пісіруге қажетті құралдармен толық қамтамасыз етілген. Наубайханада меңгеруші Қарашаш Кунжаксина және Жанар Смаилова тұрақты жұмыс істейді.

Солардың бірі сүйікті ісімен айналысып жүрген Жанар Смаилова. Ол нан пісіретін жабдықтардың тілін жатқа меңгерген. Температурасын белгілеп, нанның піскен, піспегенін бір көзқараспен-ақ ұғады. «Жұмысқа ерте келеміз. Кейін нан пісіруге дайындаламыз. Әр қалыпқа белгіленген грамнан өлшеп, қамыр саламыз. Одан нанымызды көтертуге қойып, пеште пісіреміз. Осылайша күнделікті ауыл тұрғындарын ыстық нанмен қамтамасыз етіп отырмыз. Күн сайын пісіреміз. Кешегі нан деген бізде қалмайды»,-деді наубайханашы.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын наубайханашыларына ауыл тұрғындары да ризашылығын білдіруде. Нандары өте дәмді, әрі тойымды. Жұмыстарының сапасы да жоғары, бағасы да көңілге қонымды. Серіктестік жұмыскерлеріне 70 теңгеден беріліп, тұрғындарға 120 теңгені құрайды. Бүгінде ауыл тұрғындарының алғысын алудан артық бақыт жоқ қой. Міне, бізде рахметімізді айтып отырамыз – деп ағынан жарылды ауыл тұрғындары.

Қазіргі таңда кішігірім кәсіп ашып, оның жұмысын одан әрі жандандырып, санаулы уақыт ішінде іргелі кәсіпорынға айналдыруға ешқандай кедергі жоқ. Бұл ретте бастысы қаражат емес, білім мен бірлік. Осылайша өңірде кәсіптің көзін таба білгендердің әл-ауқаты жақсарып, ауданымыздың экономикасы арта түспек.

**Арман ҚУАТҰЛЫ.**

# ПОЛЖИЗНИ В ПУТИ

НАШИ ЮБИЛЯРЫ



**Водитель пассажирского автобуса - это специалист, который занимается перевозкой групп граждан на маршрутных, рейсовых, заказных и специализированных видах транспортных средств.**

**Очень важно, чтобы сотрудник был аккуратным, внимательным и терпеливым, ведь на него возлагается серьезная ответственность, он должен сделать поездку для пассажиров приятной и безопасной. Ведь не зря именно эту профессию выбрал Эдуард Александрович Головко, который сегодня отмечает свой 80-летний юбилей.**

В далеком 1943 году в Минской области Белорусии, в семье Головко Александра Степановича и Ядвиги Ивановны родился мальчик. Родители дали ему красивое имя Эдуард. В обычной, трудолюбивой, рабочей семье Головко воспитывалось четверо детей. Эдуард был старшим. В школу пошел в семь лет. Окончив 7 классов, вместе с родителями приехали в Казахстан на целину. По распределению попали в село Приишимка. Эдуард Александрович в этот же год поступает в МСХ -158 в селе Астраханка. Закончив и получив профессию в 1962 году, работал трактористом в селе Приишимка. В 1963 году от военкомата в ДОСААФе села Астраханка получил профессию автоводителя. По призыву в армию попадает в г. Кировобад Азейбарджанской ССР. Прослужив в авиационных войсках три года, вернулся и устроился в Астраханкое АТП водителем на грузовик. Позже, перешел водителем автобуса.

Работа водителем автобуса предполагает, что у сотрудника хорошо развито зрение, он наблюдателен, способен быстро и спокойно реагировать на внешнюю обстановку и мгновенно оценивать и анализировать ситуацию. Помимо непосредственного управления техникой, в его обязанности также могут входить продажа билетов, размещение пассажиров в салоне и оказание им помощи при погрузке и выгрузке багажа. Очень важно, чтобы работник имел хорошую стрессоустойчивость и физическое здоровье. Плюс моральный стресс, разные пассажиры, смена погодных условий и четкий график оказывают на сотрудника постоянное моральное давление, что также может негативно отразиться на его здоровье. И все это было ежедневной, любимой работой, которая всегда приносила удовольствие. Коллектив АТП подобрался очень дружный, сплоченный. Эдуард Александрович всегда пользовался уважением, как у сотрудников парка, так и у пассажиров. Общительный веселый, всегда может поддержать в трудный момент, поделится опытом, дать дельный совет молодым специалистам.



Здесь же в Астраханке познакомился со своей будущей супругой. Римма Ивановна тогда работала фармацевтом в аптечном киоске при больнице. Расписались в 1973 году, прожили вместе почти полвека. «Римма всегда была для меня надежным тылом. Её поддержка всегда была важна для меня. Некоторое время спустя, Римма перевелась на работу в наше АТП. Работали мы теперь вместе на одном автобусе. Она - контролером, я - водителем. Порядок и уют в салоне автобуса были в основном ее заслугой. Добрая, веселая, хозяйственная. Воспитали двоих детей – дочку и сына».

- «Родители воспитывали нас в строгости, но мы всегда согреты любовью, заботой и вниманием. Отец одобрял наши детские шалости, но в пределах разумного. Всегда мог отчитать, если мы где-то бывало, как сейчас говорят, «накосячили». Но мы всегда знали границы между «хорошо» и «плохо» - рассказывает дочь Наталья. Как и во всех семьях, отец был для нас примером. Хочется сказать слова благодарности за его чуткость, требовательность, терпение и понимание».

Сын Сергей тоже пошел по стопам отца, стал водителем. Приходилось даже работать в паре на одном автобусе. При необходимости могли подменять друг друга. Поэтому сын всегда мог чувствовать рядом крепкое отцовское плечо, а отец всегда мог положиться на поддержку сына.

В 2003 г. Эдуард Александрович вышел на заслуженный отдых. Все свое свободное время сейчас посвящает своим внукам. Занимается садоводством, огородничеством на своем небольшом, но очень уютном участке. Несмотря на свой возраст, еще полон сил и энергии. Мы от всей души поздравляем нашего юбиляра с днем рождения. Желаем крепкого здоровья, счастья благополучия, мирного неба над головой и долгих лет жизни.



**Ирина ГОРБАТЕНКО.**

**АУЫЛЫМ - АЛТЫН БЕСІГІМ**

# БӘРІМІЗ БІР ӨМІР ЖОЛЫН БАСТАП ЕДІК

**Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебін 30 және 20 жыл бұрын бітірген түлектер алтын ұя мектебіне оралып, ұстаздар, ата-аналар, ұрпақтармен кездесті. Ертеңгі сағат 10:00. Мектеп ауласы мерекедей безендірілген. Соңғы қоңырауға жиналған оқушылардың көңілдері шат. Жүргізуші салтанатты ашық деп жариялап, осыдан 30 және 20 жыл бұрын аяқтаған қонақтарды қарсы алуды ұндеді.**

Сол сәтте «Бір ауылдың түлеп ұшқан жастары едік» деген ән әуені аспанға қалықтай көтеріліп, мектеп бітіруші түлектер алаңға жиналған оқушылардың қатарынан өте бастады. Көрермен қауым қошемет көрсетіп, ду шапалақ соқты.

Осыдан 30 жыл бұрын, яғни 1993 жылы мектепті аяқтаған түлектердің қатарында Ақылбаева Жаңагүл, Байдаулетова Нұрлыгүл,




Жунусова Жанар, Искакова Әлия, Есілбаева Жұмагүл, Тайшыбаева Әсия, Қожахметова Айқыз, Жунусова Дина, Ілдетаева Диляра, Керейбаев Сұңғат, Сүлейменов Досжан, Смагулов Сәлімжан, Мукашев Мейрам және Казбекова Ерлан. Сонымен қатар, 20 жыл бұрын ұшқан түлектердің қатарында Каков Даян, Какова Гүлдана, Жунусова Гүлден, Иманжүсіпова Дариға, Лұқпанов Жасұлан, Ақылбаева Сәуле, Әділбаева Гүльнұр, Қосанов Арман және Бақтыбаев Нұрғиса болды.

Олардың қатарында ұлағатты ұстаздар, еңбек адамдары, экономика және есеп және тағы да басқа салалардың мамандары, жұмысшы кадрлары бар.

Өндіріс ауылының табиғатын сөзбен айтып, жеткізу қиын. Көзбен көріп, көңілімізге ыстық сезім ұялап, осы өңірде өмірге келгеніміздеге қуанамыз. Біздер осыдан 20-30 жыл бұрын мектебімізбен қоштасып, өмірге қанат қақтық. Содан бері де біршама уақыт өтіпті. Мектепті биыл бітіретін және 1 сынып оқушыларын көргенде осы аулада қалған оқушылық өміріміз көз алдымызға келді,-деп атап өтті түлектер.





Соңғы қоңырау барысында ұстаздары, алғаш өздеріне сабақ беріп, әріп танытқан, Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде әлі де еңбек етіп жүрген Раушан Байдаулетова, Гүлбағдат Жексенбі, Бөгенбай Ертай, Қарлығаш Бақтыбаева секілді апай-ағайларына құрмет көрсетті. Сондай-ақ, мектепке деген ыстық ықыласын білдіре отыра өзерінің кішігірім сыйлықтарын табыс етсе, ұстаздарына естелік сыйлықтарын тапсырды.

Ұстазым, менің ұстазым,  
Өзіңмен өткен қыс-жазым.  
Қалдырған ізің мәңгілік,  
Жадымда тұрар жаңғырып,  
Ұстазым, менің ұстазым!

әні қалықтап, олар ұстаздарын орталарына алды. Иә, 20 және 30 жылдық түлектердің бұл кездесуі ұлттық тәрбиені қалыптастырып, дамуына өзіндік көрініс берері сөзсіз деп білеміз.

**Арман ЖАПАРОВ.**

---

# ЗАЩИТА ИНТЕРЕСОВ РАБОТАЮЩЕГО НАСЕЛЕНИЯ В РАМКАХ СОЦИАЛЬНОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Социальный кодекс Республики Казахстан станет основой для справедливой социальной политики и выстроен в соответствии с этапами жизненного пути каждого человека, начиная от рождения до выхода на пенсию, с последующим указанием мер, потребность в которых может возникнуть не у каждого (социальные гарантии для лиц, находящихся в трудной жизненной ситуации).**

***Основными новациями Социального кодекса являются:***

1. Цифровая карта семьи (поддержка оказываться в проактивном формате, т.е. социальные выплаты и помощь гражданам назначаются на основании данных, имеющихся в информационных системах государственных органов, а бумажные документы будут поэтапно исключаться из системы).
2. Новая парадигма государственной поддержки (предусматривает сначала адресные меры для упреждения социальных рисков, только затем адресную помощь, направленную на борьбу с последствиями социальных рисков).
3. Полная трансформация социального обслуживания (повышение доступности специальных социальных услуг для граждан с инвалидностью путем привлечения неправительственных организаций, частного сектора и членов их семей).
4. Изменения в сфере пенсионного обеспечения граждан (поэтапное увеличение базовой пенсии в ближайшие пять лет).
5. Изменения в сфере занятости (признание всех видов гибкой занятости; повышение квалификации рабочей силы; цифровые центры занятости).

Таким образом, Соцкодекс является единым источником знаний граждан о своих социальных правах и обязанностях, а также позволит вести автоматизированный мониторинг социального благосостояния населения.

Следует отметить, что Кодексом сохранены все социальные гарантии и формы соцподдержки, которые есть сегодня, в том числе обеспечение граждан пенсиями и пособиями, а также социальными выплатами из АО «Государственный фонд социального страхования» (далее – Фонд).

Обязательное социальное страхование внедрено с 2005 года, как дополнительный уровень социальной защиты работающих граждан при наступлении 6 видов социальных рисков.

Финансовые ресурсы системы обязательного социального страхования формируются за счет социальных отчислений в размере 3,5% от дохода не менее одной и не более семикратного размера минимальной заработной платы, уплачиваемых работодателями за работников, а также индивидуальными предпринимателями и лицами, занимающимися частной практикой за себя.

При этом, социальные отчисления не удерживаются из заработной платы работника, как обязательные пенсионные взносы, а уплачиваются за счет средств работодателей.

Обязательное социальное страхование основано на принципах солидарности, поскольку социальные отчисления уплачиваются за всех работающих граждан, а выплаты могут получить только те, у кого наступил социальный риск

Социальные отчисления в Фонд по Акмолинской области с января по апрель текущего года поступили за 200 807 человек на сумму 5,2 млрд.тенге, а социальные выплаты из Фонда получили 21 562 человека на сумму 4,9 млрд.тенге.

Социальная выплата по утрате трудоспособности из Фонда назначается дополнительно к выплачиваемому за счет республиканского бюджета государственному социальному пособию по инвалидности.

Выплата назначается участнику системы обязательного социального страхования на весь период установления подразделением медико-социальной экспертизы степени утраты общей трудоспособности от 30% до 100%, независимо от продолжения трудовой деятельности.

Размер социальной выплаты зависит от дохода участника системы, с которого производились социальные отчисления за последние 2 года, а также от коэффициентов степени утраты трудоспособности, стажа участия в системе и замещения дохода.

С января по апрель 2023 года указанную выплату из Фонда по нашей области получили порядка 3 980 человек на сумму 450,2 млн. тенге.

С 1 июля 2023 года пособия и выплаты лицам с инвалидностью будут повышены на 14,5%, с учетом ранее проведенного с 1 января т.г. их повышения состоявшимся получателям на 8,5%, рост пособий и выплат в годовом выражении составит 23%.

Социальная выплата на случай потери кормильца из Фонда назначается дополнительно к выплачиваемому за счет республиканского бюджета государственному социальному пособию по потере кормильца.

Право на выплату возникает у членов семьи, находящихся на иждивении умершего (признанного судом безвестно отсутствую-



щим или объявленного умершим) кормильца со дня его смерти. Выплата осуществляется до достижения иждивенцем возраста 18-лет, а в случае продолжения обучения по очной форме до 23-лет.

Размер социальной выплаты зависит от дохода умершего кормильца, с которого производились социальные отчисления за последние 2 года, а также коэффициентов замещения дохода, количества иждивенцев и стажа участия в системе.

С января по апрель текущего года указанную выплату из Фонда по Акмолинской области получили 2 896 семей, потерявших кормильца на сумму 317,5 млн. тенге.

С 1 июля 2023 года пособия и выплаты семьям, потерявшим кормильца, будут повышены на 14,5%, с учетом ранее проведенного с 1 января т.г. их повышения состоявшимся получателям на 8,5%, рост пособий и выплат в годовом выражении составит 23%.

Учитывая, что при наступлении социального риска участник системы обязательного социального страхования, в том числе его семья, в случае его смерти, получает и базовые пособия, и выплаты из Фонда, его социальная защита выше, чем у неработающего.

Социальная выплата по потере работы из Фонда назначается участнику системы обязательного социального страхования со дня регистрации в качестве безработного в соответствии с законодательством о занятости населения.

Размер социальной выплаты зависит от дохода участника системы, с которого производились социальные отчисления за последние 2 года, коэффициентов стажа участия в системе и замещения дохода (45% или 0,45).

Выплата осуществляется от 1 до 6 месяцев в зависимости от стажа участия в системе.

С января по апрель 2023 года из Фонда указанную выплату по нашей области получили 1 529 чел. на сумму 203,2 млн. тенге.

Социальная выплата на случай потери дохода в связи с беременностью и родами, а также усыновлением (удочерением) новорожденного ребенка (детей) из Фонда назначается с даты отпуска по беременности и родам, указанной в листе о временной нетрудоспособности. Выплата осуществляется на весь период листа временной нетрудоспособности.

Размер единовременной социальной выплаты зависит от дохода, с которого производились социальные отчисления за последние 12 месяцев и количества дней нетрудоспособности.

С января по апрель текущего года по Акмолинской области 2 654 получателям осуществлена указанная выплата на сумму порядка 2 млрд. тенге.

Социальная выплата на случай потери дохода в связи с уходом за ребенком до полутора лет из Фонда назначается участнику системы обязательного социального страхования, фактически осуществляющему уход за ребенком с даты рождения ребенка.

Размер социальной выплаты зависит от дохода участника системы, с которого производились социальные отчисления за последние 2 года и коэффициента замещения дохода (40% или 0,4).

С января по апрель 2023 года указанную выплату из Фонда по нашей области получили 10 503 человека на сумму 1,9 млрд.тенге.

В рамках Социального кодекса параметры назначения социальных выплат из Фонда сохраняются без изменения.

Кроме этого, с 1 июля 2023 года Кодексом предусматривается:

- расширение охвата обязательным социальным страхованием порядка 30 тыс. индивидуальных помощников, оказывающие услуги по сопровождению лица с инвалидностью первой группы, имеющего затруднение в передвижении. Это означает, что при наступлении социальных рисков, индивидуальный помощник будет иметь право на социальные выплаты из Фонда, обеспечен медицинской помощью в рамках страхового пакета из Фонда социального медицинского страхования, а также при достижении пенсионного возраста - иметь трудовой стаж для базовой пенсии и право на накопительную пенсионную выплату.

В целом развитие системы социального страхования от различных социальных рисков предусматривает стимулирование продуктивной и формальной занятости.

Более подробную информацию о системе обязательного социального страхования можно получить через интернет-ресурс Фонда: gfss.kz и в аккаунтах социальных сетей Фонда и его Филиалов.

## ГОСУДАРСТВЕННАЯ УСЛУГА

# КАК ПОЛУЧИТЬ НАПРАВЛЕНИЕ В ДЕТСКИЙ САД

**Получение направления в детский сад в Казахстане имеет определенный алгоритм. Как получить направление в детский сад через Egov? Портал электронного правительства Egov.kz переадресует для получения направления на региональные сайты по месту проживания. Для большинства областей это портал indigo 24.kz, для Акмолинской области – портал Akmola.kz.**

***Порядок получения направления через сайт Акмола кз.:***

• необходимо произвести вход в личный кабинет при помощи ЭЦП;

• для подачи заявления онлайн необходимо перейти на отдельный сервис: «Постановка ребенка в очередь в детский сад». В заявке необходимо указать ИИН ребенка, отметить желаемый детский сад и подписать с помощью ЭЦП. Когда очередь наступит, вам придет уведомление с направлением в выбранный детский сад. Срок действия направления - 5 рабочих дней. Если в течение 5 дней, направление не будет зарегистрировано в электронной системе детского сада, оно считается просроченным. В этом случае, направление будет аннулировано и помещено в стоп-лист на 10 дней. Во время нахождения в стоп-листе, вы не сможете участвовать в раздаче свободных мест.

• После прохождения авторизации, необходимо в главном меню выбрать раздел «Журнал заявлений» «Просим обратить внимание! Заявка о постановке в очередь отобразится только у Заявителя, кто непосредственно подавал заявку на постановку в очередь ребенка. Если Вы являетесь родителем ребенка, но у Вас не отобразилось заявление, Вы можете привязать заявление к своему ИИН-у в личном кабинете)»;

• Далее, для открытия заявления, необходимо нажать на строку заявления;

• Чтобы просмотреть список свободных мест в дошкольных организациях, необходимо нажать на кнопку «Выбрать детский сад» «Кнопка «Выбрать государственный детский сад» отобразится в следующих случаях: 1.Очередь подошла; 2. При наличии мест в свободном выборе. Просим обратить внимание! Когда Ваша очередь подойдет, на указанную Вами электронную почту и номер телефона придет уведомление о том, что очередь подошла и статус заявления поменяется на «Направлено уведомление» (уведомления о публикации мест в свободный выбор не направляются)

В случае, если ребенок числится в одной из дошкольных организаций получение направление в другую дошкольную организацию невозможно. Для получения направления в дошкольную организацию необходимо сделать убытие в электронном виде»;

• Далее отобразится всплывающее уведомительное окно. Чтобы просмотреть список свободных мест, необходимо нажать на кнопку «ОК» «Просим обратить внимание! Если заявитель не выберет детский сад и не получит направление в течении 3-х рабочих дней, данное место будет доступно всем очередникам, согласно году группы. При этом данный заявитель, не выбравший детский сад остается в очереди»;

• Следующий шаг - необходимо из выпадающего списка выбрать подходящий детский сад;

• После выбора дошкольной организации, необходимо нажать на кнопку «Подписать и отправить» и загрузить сертификат ЭЦП;

• Далее в Журнале заявлений во вкладке «Общие документы» можно просмотреть и скачать сформированное направление в дошкольную организацию.

В каждой очереди есть льготники, а именно внеочередники и первоочередники. Для определения статуса необходимо крепить в Журнале заявлений» подтверждающие справки.

Внеочередники – это дети военнослужащих и сотрудников специальных государственных органов.

Первоочередники – это дети, законные представители которых являются инвалидами; дети, оставшиеся без попечения родителей, и дети-сироты; дети из многодетных семей; дети с особыми образовательными потребностями; дети из семей, имеющих ребенка-инвалида; дети педагогов. Заявления в очередях сортируются по дате подачи заявления. В самом начале очереди стоят внеочередники, за ними идут первоочередник и 3 заявителя без льгот, затем снова первоочередник и 3 заявителя без льгот и т.д. Очередь может двигаться не только вперед, но и назад, т.е., если в очередь встают льготники, то она естественным образом отодвигается назад.

***Как происходит распределение свободных мест?***

• Ежедневно от детских садов на портал поступает информация об освободившихся местах.

• Ежедневно на портале в реестре свободных мест публикуются полученные от детских садов списки.

• Ежедневно система открывает доступ к этим спискам первым участникам очередей на 3 рабочих дня.

• Количество участников, которым открывается доступ, определяется количеством поступивших свободных мест по возрастным группам.

• Заявители, получившие доступ, выбирают детский сад из списка и электронно формируют направление в выбранный сад.

• Если по истечении 3 дней остались свободные места, то система открывает доступ всем пользователям в очередях. И они могут выбрать эти свободные места согласно возрастной группе своего ребенка по принципу “кто первый, тот успел”.

Очередь в детский сад не сгорает. Если ваша очередь подошла, а вы по каким-то причинам не можете ею воспользоваться, вы просто пропускаете кого-то вперед себя.

**Г. МУКАНОВА,**
**заведующая детского сада «Алпамыс»**
**села Астраханка.**

## ОЧС ПРЕДУПРЕЖДАЕТ!

# БУДЬТЕ ОСТОРОЖНЫ НА ВОДЕ

**В связи с установившейся теплой летней погодой и открытием купального сезона, на территории Акмолинской области зафиксированы трагические случаи на воде, в связи с чем отдел по чрезвычайным ситуациям Астраханского района напоминает о правилах безопасного поведения на водоемах.**



*1. Запрещено купаться в необорудованных для купания местах.*

*2. Не купайтесь в одиночку, поблизости должны быть люди!*

*3. Не ныряйте в незнакомых местах! Неизвестно, что там может оказаться на дне!*

*4. Не заплывайте далеко от берега на надувных матрасах и кругах!*

*5. Не плавайте на самодельных устройствах- они могут не выдержать ваш вес и перевернуться!*

*6. Не оставляйте детей без присмотра возле воды!*

*7. Не распивайте спиртные напитки, находясь у воды!*

*8. Не цепляйтесь за лодки, буйки, катамараны и другие плавсредства!*

**ПОМНИТЕ!**

**Только неукоснительное соблюдение мер безопасного поведения на воде может оградить Вас от несчастных случаев.**

**Не дайте беспечности испортить вам настроение и отдых! И главное, не допустите трагических последствий безответственного поведения на воде и в жаркую погоду!**

# ЕМТИХАНДАР ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ КУӘЛІКТЕР БЕРУ БОЙЫНША

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 453 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 қаңтарда № 31546 болып тіркелді

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру".

1. "А", "В", "Г", "Б" және "Д" санатындағы тракторшы-машинист куәлігін алу. 2. "Қаршаналарды, квадроциклдерді жүргізуге рұқсат етіледі" деген жазуы бар тракторшы-машинист куәлігін алу. 3. Тракторшы-машинист куәлігін ауыстыру. 4. Тракторшы-машинист куәлігінің телнұсқасын алу.

